

Қазақстан Республикасындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің облигацияларын Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне тіркеудің және оларға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 8 қазандағы N 162 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 11 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 459. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 382 (V032574) қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеу жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің облигацияларын Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне тіркеудің және оларға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Аталған Ереже сараптау және тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберілсін.

3. Корпоративтік қаржы басқармасы қабылданған Ережені республиканың қор биржаларына жеткізсін.

4. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Корпоративтік қаржы басқармасына жүктелсін.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссияның
1997 жылғы 8 қазандағы
N 162 қаулысымен бекітілді

**Қазақстан Республикасындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің облигацияларын Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне тіркеудің және оларға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміндегі облигациялар эмиссияларын есепке алудың рәсімін реттейді, сондай-ақ Бағалы қағаздардың

ұлттық сандық бірдейлендіру жүйесіндегі (ҰСБЖ) Ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін (ҰБН) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - БҚҰК) беруінің тәртібін белгілейді.

1.2. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногындағы айналысқа жататын акциялар, облигациялар және басқа да мемлекеттік емес бағалы қағаздар мемлекеттік тіркеуге жатады. Мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиялары мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

1.3. Облигациялардың эмиссияларын тіркеу БҚҰК тиісті нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

1.4. Бағалы қағаздардың ҰСБЖ Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа қосылған бағалы қағаздарды есепке алу жүйесін реттеуге және стандарттауға, сондай-ақ бағалы қағаздардың кодтарын бір ізге салуға арналған. ҰСБЖ ISIN 6166.2 Бағалы қағаздардың халықаралық бірдейлендіру жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес келеді және бағалы қағаздарды бірдейлендірудің Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын біртұтас жүйесі болып табылады.

1.5. Бағалы қағаздардың жекеленген түріне берілетін, бірегей әріпті-санды кодтар болып табылатын Ұлттық бірдейлендіру нөмірлері ҰСБЖ негізі болып табылады.

1.6. Бағалы қағаздардың тіркелген эмиссиялары туралы мәліметтер Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) енгізіледі.

1.7. Уәкілетті орган акциялар эмиссиясын тоқтата тұру, заңды емес деп тану не жою туралы шешім қабылдаған жағдайда, бұл туралы ақпарат Мемлекеттік тізілімге енгізіледі және БҚҰК арнаулы басылымында жарияланады.

2. Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу және облигациялардың эмиссияларына мемлекеттік тіркеу нөмірлерін берудің әдістемесі

2.1. Мемлекеттік тізілімді жүргізуді БҚҰК атқарушы аппараты мынадай нысандарда жүзеге асырады:

а) қағаздық негізде (тігілген және БҚҰК атқарушы аппаратының штампымен бекітілген, беттердің санын көрсетіп бағалы қағаздарды тіркеу журналы нысанында);

б) компьютерлік жазба нысанында.

2.2. Бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеу журналдары қатаң есеп беру құжаттары болып табылады. Бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеу журналына эмитент туралы мынадай мәліметтер енгізіледі:

- эмитенттің толық атауы;
- эмитенттің ұйымдық-құқықтық нысаны;

- эмитенттің орналасқан жері;
- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырған органның атауы;
- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген күні;
- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу нөмірі;
- мамандандыру (банктер, сақтандыру компаниялары, инвестициялық және зейнетақы қорлары және т.б.);
- акционерлік қоғамдар үшін соңғы эмиссияның тіркелген күні және ол бойынша есепті бекіткен күн көрсетіледі;
- жарғылық капиталының мөлшері;
- эмиссиясының көлемі;
- облигация шығарылымының күні;
- проценттік ставканың немесе дисконттың немесе "қалқымалы" проценттік ставкалардың (орналастыру туралы есеп берудің нәтижелері бойынша) мөлшері;
- облигациялардың түпкілікті өтелген күні;
- облигациялардың алдыңғы эмиссияларын өтеудің қорытындылары туралы есепті бекіту күні;
- бағалы қағаздармен жүргізілген операцияларға салынған салықтардың сомасы, төлем тапсырмасының нөмірі және күні;
- осы эмиссияның тіркеу нөмірі (бұдан әрі -Эмиссияның нөмірі);
- ҰБН беруге сұранымды алған күн;
- осы шығарылымның бағалы қағаздарының Ұлттық бірдейлендіру нөмірлері (ҰБН).

2.3. Компьютерлік жазбаларда мынадай жолдар болады:

- Заңды тұлғаның атауы;
- ОКПО коды;
- Ұйымдық-құқықтық нысаны;
- ОКОНХ коды;
- Заңды тұлғаның толық мекен-жайы;
- Заңды тұлғаны тіркеген орган, сондай-ақ тіркеу күні және нөмірі;
- шетелдік қатысудың болуы;
- мамандандыру;
- Акционерлік қоғамдар үшін эмиссия тіркелген күн, эмиссияның нөмірі, алдыңғы эмиссия бойынша есеп бекітілген күн;
- Эмиссияны тіркеу күні;
- Эмиссияның реттік нөмірі;
- Жарғылық қордың теңге бойынша мөлшері;
- Осы эмиссияның теңге бойынша көлемі;
- Облигациялар шығарылымының күні;
- Облигацияларды өтеу күні;

- Проценттік ставканың мөлшері;
- Эмиссияға салынған салықтың сомасы;
- Эмиссияның нысаны;
- Тәуелсіз тізілім ұстаушы;
- Облигация эмиссияларын орналастырудың қорытындылары туралы есеп бекітілген күн;
- Облигация эмиссияларын өтеудің қорытындылары туралы есеп бекітілген күн;
- Эмиссияның жойылған күні (эмиссия жойылса);
- Облигациялардың түрлері бойынша эмиссияның құрылымы, бастапқы құны және саны, сондай-ақ бағалы қағаздардың әрбір түрі бойынша ҰБН;
- Облигацияны өтеудің басқа шарттары;
- Орындаушы;
- Ескертулер.

2.4. Мемлекеттік тіркеуге Бағалы қағаздар эмиссияларының нөмірлерін беру, Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізу және ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін беру кіреді.

2.5. Облигациялар эмиссияларының мемлекеттік нөмірлері екі рәмізден, араб санынан және/немесе латын алфавитінің әрпінен тұрады, және де нөмірдің бірінші позициясы - әрқашан латын әрпі, ал екінші позициясы - не араб саны не латын алфавитінің әрпі болады. Нөмір беру нөмірдің бірінші позициясында латын алфавитінің бірінші әрпінен және екінші позициясында бір санынан басталады. Келесі нөмірлер беру 1-қосымшаның 1-таблицасына сәйкес тіркеу нөмірін кезекті көбейту және нөмірлердің позициясын екінші позициядан бастап солдан оңға қарай толтыру арқылы жүргізіледі. Нөмір AZ жеткеннен кейін латын алфавитінің келесі әрпіне көшеді және нөмірді санау бір санынан басталады.

2.6. Жаңадан тіркеу журналы ашылғанда оған екіге бөлінген осы журналдағы бос беттердің санына сәйкес келетін тіркелген Эмиссиялар нөмірлерінің белгілі бір саны бекітіледі.

2.7. Тіркеу журналын жүргізу аяқталғанда осы тіркеу журналында бекітілген, берілмеген Эмиссиялардың нөмірлері эмитенттердің осы түрінің жаңа тіркеу журналына бекітіледі. Бұл жағдайда жаңа журналға екіге бөлінген бос беттердің санына сәйкес келетін нөмірлердің саны бекітіледі.

2.8. Акциялардың бірінші шығарылымы тіркелген жағдайда эмитенттің эмиссиясының нөмірі тиісті эмиссияны тіркеу журналындағы журнал позициясының реттік нөміріне сәйкес келеді. Эмиссияны тіркеу журналының ашпалы екі беті позиция болып табылады.

2.9. Осы эмитенттің акцияларының келесі эмиссияларын тіркегенде Эмиссияның нөмірі Мемлекеттік тізілімге сәйкес бір санын шегерумен жүзеге

асырылатын эмиссияның реттік нөмірін сызықша арқылы қосумен алдыңғы эмиссияның Нөміріне сәйкес болады. Бұл ретте осы позицияның нөмірі келесі бетке өтеді.

2.10. Эмиссия тоқтатыла тұрған не оны заңсыз деп таныған жағдайда уәкілетті орган тізілімде шешім қабылданған күнді және санкцияның қолданған органды көрсете отырып бұл туралы жазба жазады.

3. ҰСБЖ Ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі

3.1. ҰБН облигацияларға, олардың эмиссияларын Облигациялар шығарылымын және өтелімін тіркеудің тәртібі туралы ережеге сәйкес мемлекеттік тіркеу кезінде, сондай-ақ ISIN халықаралық бірдейлендіру нөмірлері (бұдан әрі -ISIN ХБН) жоқ шетелдік эмитенттердің акцияларын Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа қосуға жіберілген кезде беріледі.

3.2. ISIN ХБН бар және Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа қосуға жіберілген шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарын бірдейлендіру үшін Ұлттық бірдейлендіру нөмірлері берілмейді және оларды есепке алу берілген ISIN ХБН негізінде жүзеге асырылады.

3.3. Бір түрдегі барлық бағалы қағаздардың эмиссияларын мемлекеттік тіркеген кезде бірыңғай ҰБН беріледі.

Бағалы қағаздардың бір түріне мынадай бағалы қағаздар жатады:

- бір түрдегі (акциялар, облигациялар және т.б.);
- бір эмитент шығарған;
- бірдей номиналды;

- иеленушіге бірдей мүліктік құқықтар беретін және эмитенттің бірдей міндеттемелерін растайтын.

4. Ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін есептеудің әдістемесі

4.1. ҰСБЖ Ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін құрастыру үшін 1-таблицаға сәйкес араб сандары және латын алфавитінің әріптері пайдаланылады.

4.2. Бағалы қағаздардың жекеленген түріне берілетін ҰСБЖ Ұлттық бірдейлендіру нөмірі үш бөліктен тұрады: елдің коды, негізгі нөмір және бақылау саны.

4.3. Елдің атының екі әріпті коды болып табылатын қосымша. Қазақстан Республикасы үшін KZ коды пайдаланылады.

4.4. Негізгі нөмір санды және әріпті рәміздерден тұратын тоғыз позициядан тұрады. Негізгі нөмірдің позициясын санау ҰБН үшінші позициясынан бастап, солдан оңға қарай жүргізіледі.

4.4.1. Негізгі нөмірдің бірінші позициясы бағалы қағаздың үлгісін айқындайды:

2 - 1 айдан 12 айға дейін айналыс мерзімі бар облигациялардың және ұқсас сипаттағы басқа борыштық міндеттемелердің;

7 - 1 жылдан 5 жылға дейін айналыс мерзімі бар облигациялардың және ұқсас сипаттағы басқа борыштық міндеттемелердің;

A - 5 жылдан 25 жылға дейін айналыс мерзімі бар облигациялардың және ұқсас сипаттағы басқа борыштық міндеттемелердің;

4.4.2. Негізгі нөмірдің екінші позициясы - облигациялардың 1-қосымшасының 1-таблицасына сәйкес айналыс мерзімі;

- 12 айға дейін айналыс мерзімі бар облигациялар үшін -айлармен;

- 1 жылдан астам айналыс мерзімі бар облигациялар үшін -жылдармен, егер орналастыру мерзімі саны тұтас емес жыл болып табылатын жағдайда, математиканың ережелеріне сәйкес дөңгелектеу жүргізіледі;

4.4.3. Негізгі нөмірдің үшінші позициясы - 1-қосымшаның 2-таблицасына сәйкес эмитенттің орналасқан жерін білдіреді;

4.4.4. Негізгі нөмірдің төртінші және бесінші позициялары эмитентті Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінде белгілеу үшін пайдаланылады;

4.4.5. Негізгі нөмірдің алтыншы позициясы 1-қосымшаның 1-таблицасына сәйкес өтеу айының күндерін (1-ден V-ға дейін) белгілеу үшін пайдаланылады;

4.4.6. Негізгі нөмірдің жетінші позициясы 1-қосымшаның 1-таблицасына сәйкес өтеу айын белгілеу үшін пайдаланылады;

4.4.7. Негізгі нөмірдің сегізінші және тоғызыншы позициялары өтеу жылын белгілеу үшін пайдаланылады (00 ден 99 дейін, бұл ретте 2000 жыл - АО, 2001 жыл - А1 және т.б.);

4.5. ҰСБЖ ҰБН оң жақ шеткі саны ISO/DIS 6166.2 Халықаралық стандартына сәйкес есептелінетін бақылау саны болып табылады.

5. Бақылау санын есептеудің тәртібі және мысалдары

5.1. Бақылау саны ҰСБЖ ҰБН алдыңғы он позициясын толтырылғаннан кейін есептелінеді.

5.2. ҰБН бақылау санын есептеудің тәртібі:

- 1-кезең. ҰБН әріпті рәміздер 1-таблицаға сәйкес тиісті сандармен ауыстырылады;

- 2-кезең. Алынған қатардың әрбір саны коэффициентке көбейтіледі. Қатардың оң жағынан бастап тақ орында тұрған әрбір сан үшін коэффициент 2-ге тең, жұп орындарда тұрған үшін коэффициент 1-ге тең;

- 3-кезең. 2-кезеңде алынған сандық қатардың барлық сандары жиынтықталады;

- 4-кезең. Егер 3-кезеңде алынған сома 0-ге тең болса, онда ҰБН бақылау саны 0 болып табылады. Басқа жағдайда бақылау саны, шегерілген сомадан көп болатын саннан алынған шегерудің нәтижесі болып табылады және 10 дәрежелі барлық сандардың ең төменгісі болып табылады.

5.3. МЫСАЛ

Құралған ҰБН KZ261A8C598 бақылау санынсыз:

1-кезең

```
-----
| K | Z | 2 | 6 | 1 | A | 8 | C | 5 | 9 | 8 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
|2|0|3|5| 2 | 6 | 1 |1|0| 8 |1|2| 5 | 9 | 8 |
-----
```

2-кезең

```
-----
| 2 | 0 | 3 | 5 | 2 | 6 | 1 | 1 | 0 | 8 | 1 | 2 | 5 | 9 | 8 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 2 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 0 | 6 | 5 | 4 | 6 | 2 | 1 | 0 | 8 | 2 | 2 |1|0| 9 |1|6|
-----
```

-кезең

$4+0+6+5+4+6+2+1+8+2+1+0+9+1+6= 57$

4-кезең

Бақылау саны мынаған тең: $60-57=3$.

Алынған толық ҰБН: KZ261A8C5983.

Мысалға келтірілген ҰБН мыналар айтылған: 6 айлық айналыс мерзімді облигацияның осы эмиссиясын Ақмола облысында орналасқан шаруашылық жүргізуші субъект шығарған, облигацияны өтеу күні 1998 жылғы 12 мамыр, эмитент Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне А8 нөмірмен енгізілген.

1-ҚОСЫМША

1-таблица

ҰБН ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН РӘМІЗДЕР -----

```
| 0=0 | 6=6 | C=12 | I=18 | O=24 | U=30 |
|-----|-----|-----|-----|-----|
| 1=1 | 7=7 | D=13 | J=19 | P=25 | V=31 |
|-----|-----|-----|-----|-----|
| 2=2 | 8=8 | E=14 | K=20 | Q=26 | W=32 |
|-----|-----|-----|-----|-----|
```

3=3	9=9	F=15	L=21	R=27	X=33
-----	-----	-----	-----	-----	-----
4=4	A=10	G=16	M=22	S=28	Y=34
-----	-----	-----	-----	-----	-----
5=5	B=11	H=17	N=23	T=29	Z=35

2-таблица

ОБЛЫСТАРДЫҢ КОДТАРЫ

Ақмола облысы 1	Қостанай облысы 9	-----	-----
Ақтөбе облысы 2	Қызылорда облысы А	-----	-----
Алматы облысы 3	Маңғыстау облысы В	-----	-----
Атырау облысы 4	Павлодар облысы С	-----	-----
Шығыс Қазақстан облысы 5	Солтүстік Қазақстан облысы D	-----	-----
Жамбыл облысы 6	Оңтүстік Қазақстан облысы E	-----	-----
Батыс Қазақстан облысы 7	Алматы қаласы К	-----	-----
Қарағанды облысы 8	Ақмола қаласы L	-----	-----